		2023-2024 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысының жылдық есебі. *Тәрбие жұмысының мазмұны, түрлері мен әдістері;* Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу–барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз–жас ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету,толыққанды білім алуына жағдай жасау,олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны,сынып сағаттарының және мектептен,сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан-Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - еңбастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүние танымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе,басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Бір тұтас тәрбие бағдарламасы»–ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды		

		бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді. **«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:** **Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.** **Міндеттері:** Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 1. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақтілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға,отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 2. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан,намыс, жауапкершілік,мейірімділік,қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 3. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға,ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 4. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу. **Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.** **Ұлттық мүдде құндылығы:** - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;		

		- Ұлттық мәдениетті дәріптеу; **Ар-ұят құндылығы:** - Академиялық адалдық қағидатын қолдау; - Адалеңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік,ісіне адал болу; - Халқына адал қызметету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына,сыныптастарына,отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну. **Талап құндылығы:** - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командамен жұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орната білу; - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау. **ҚЫРКҮЙЕК –БІЛІМ АЙЫ** Бірінші тоқсан – Республика күні мерекесіне арналған «Ақындар айтысы» жобасы «Республика күні басты ұлттық мереке ретінде шын мәнінде жалпы халықтық мерекеге айналуы тиіс» *Қасым-Жомарт Тоқаев*		

		➢ 1 қыркүйек-Білімкүні,сынып сағаттары. ➢ 5 қыркүйек-А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы іс-шаралар. 2023-2024 оқу жылы – 1 қыркүйек-білім күні «Мектеп–мейірім мекені» «Мейірімділік құндылығы» білім күніне байланысты ұйымдастырылған іс-шаралар мен басталды. Осы аталған іс-шараға 1-11 сынып оқушылары мен ата-аналар және ұстаздар қатысты. 1-11 сынып оқушыларына білім күніне байланысты сынып сағаттары өткізілді. Қыркүйек айының алғашқы аптасында 5 қыркүйек - А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы іс-шаралар өткізілді. 1.«Спорт – менің досым» оқушылар арасында салауатты өмірге насихат жұмыстарын жүргізу. «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында мектепте оқушылар арасында спорттық жарыстар өткізілді. Қыркүйек айының 9 күні «АМАНАТ» партиясының Медеу аудандық филиалының ұйымыруы мен «Бақытты отбасы» қыркүйек айының екінші аптасында аталып өтілетін «Отбасы күні» меркесіне орайластырылған Медеу ауданы бойынша бастауыш партии ұйымдарының мүшелерінің қатысуы мен спорттық жарыстар өткізілді. https://www.facebook.com/100072314418532/videos/362225706132971		

ҚАЗАН–АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан –Қарттар күні
- 5 қазан –Мұғалімдер күні
- 25 қазан –Республика күні

1 қазан күні елімізде қарттар күніаталып өтеді. Халықаралыққарттар күні— 1990 жылы 14 желтоқсанда БҰҰ Бас ассамблеясында бекітіліп, жарияланды. Бұл мереке елімізде жыл сайын аталып өтіледі. Осы мерекелік іс-шараға байланысты №98 ЖББМ КММ 1-11 сыныптар арасында сынып сағаттары мен қайырымдылық шаралары өткізілді.

1 қазан – Мұғалімдер күні қазан айының бірінші жексенбісі атап өтіледі. Осыған байланысты мектебімізде жоғары сынып оқушыларының ұйымдастыруымен ұстаздарға арналған мерекелік концерт қойылды.

25 қазан – Республика күні 1990 жылы қазан айының 25-і күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қаз КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Сол сәттен бастап-ақ егеменді Қазақстан өзіндік көзқарасы бар жеке мемлекет ретінде таныла бастады. Қабылданған декларация Қазақстанның

		болашақ тәуелсіздігінің іргетасы саналды. Осы аталған мерекелік іс-шараға байланысты мектебіміздің 1-11 сыныптарына сынып сағаттары мен мерекелік іс-шара өткізілді. Сонымен қатар, қазан айында қазақ халқының рухани мәдениетін жаңғырту мақсатында ұйымдастырылған «Айтыс өнері» тақырыбында оқушылар өздерінің айтыс туралы жүргізілген зерттеулер, жазылған тарихи шығармаларға сүйене отырып видеороликтер түсіріп, әлеуметтік желіге жүктеп отырды. Қазан айының алғашқы аптасында №98 ЖББМ КММ мектепкәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу кеңесі құрылып, жылдық жұмыс жоспары жасалынды. Қыркүйек айының алғашқы жартысында оқушылардың сабақтан тыс уақытта немесе кешкі уақытта ата-анасының қарауынсыз көшеге шығу, құқықбұзушылықтың алдын-алу іс-шаралары бойынша мектеп әкімшілігі мен мектеп инспекторының қатысуы мен жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында ПБ инспекторлары ӘК жекелеген баптары бойынша, соның ішінде құқықбұзушылық, спирттік ішімдіктер пайдалану, кешкі уақытта ата-анасынсыз көшеде жүру сияқты баптар мен таныстырды. Жоспарға сәйкес, қалалық полиция басқармасы тарапынан «Балалардың жол қауіпсіздігі», «Жасөспірім», «Абайлаңыз балалар», «Түнгі қаладағы балалар» атауымен түнгі рейдтік іс-шаралары тұрақты түрде өткізілуде. Қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу.		

салт-санасының негізгі белгіс

ҚАРАША– ПОЭЗИЯ АЙЫ

II тоқсан – «Асық ойыны» жобасы

«Асық ойыны – үлкен халықтық тәрбие. Біздің ұлтымыздың дәстүрлері мен мәдениетінің бастауы» Б.Момышұлы

- 15 қараша–Ұлттық валюта күні.

Қараша айының 17 күні мектебіміздің 5-8 сыныптары оқушылары арасында «Асық ойыны» жобасы бойынша асық атудан жарыс өткізілді. Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық ойындарын жаңғырту, жасөсіпірімдер арасында дамыту болып табылады.

Қарашаның 15 күні Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы күніне арналған 1-11 сыныптар арасында сынып сағаттар мен төменгі сынып оқушыларының сурет көрмесі ұйымдастырылды.

ЖЕЛТОҚСАН–«ҚАЗАҚСТАН–ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

- 16-17желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32жылдығы

16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орайластырылған 1-11 сынып оқушыларына сынып сағаттары өткізілді.

Желтоқсан айында Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында оқушылардың қатысуы мен сынып сағаттары мен бірқатар іс-шаралар өткізілді. Соның ішінде «Тәуелсіздік – орындалған арман. Қазақстан жолы» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шараға барысында еліміздің Тәуелсіздік алу жолындағы ата - бабаларымыздың ерлігін паш ету,

		оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға - апалардың ерлігін үлгі етіп көрсету болды. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні мен желтоқсан құрбандарын еске алу мақсатында №98 ЖББМ КММ желтоқсан қатысушысы Ережолла Садырұлы Орынғалиев аға мен кездесу өтті. Кездесу барысында ағамыз желттоқсан оқиғасына байланысты өз естеліктерімен бөлісіп, оқушылардың сұрақтарына жауап берді. Оқушылар өз тарапынан ағамызға арнап Желтоқсан туралы жыр шумақтары мен және әндер орындап, көңілін көтерді. «Ұлттық рух –тәуелсіздік тірегі» «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына оқушылар қабылдау «Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы аясында 5 сынып оқушыларын қабылдау рәсімі өтті. 28 желтоқсан №98 ЖББМ КММ 1-11 сыныптарға арналған жаңа жылдық шырша мерекесі аталып өтілді. Аталған іс-шара мектебіміздің АКТ залында сыныптар бойынша кезеңдермен ұйымдастырылды.		

ҚАҢТАР–«ҰЛТТЫҚ КОД» айы

«Ұлттық өнер» көрмесі

«Біз көптеген тағдырлы сынақтардан өтіп, ата-бабаларымыздың дәстүрлерін, құндылықтарын және мәдени-рухани мұрасын сақтай алдық»

Қасым-Жомарт Тоқаев

Қаңтар айы 3 тоқсанның басында 1-11 сыныптарға арналған «Экранға тәуелділік: заманауи жаман әдет» жобасы аясында «Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық» тақырыбында 1-11 сыныптарға арналған сынып сағаттары өткізілді.

Әбілхан Қастеев туғанына -120 жыл толуына байланысты 8 сынып оқушылары Алматы қаласында орналасқан сурет мұражайына барып, өнер туындыларын тамашалады.

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

Ақпан айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында төменгі сынып оқушылары көркем әдебиет оқу бойынша челендж өткізді.

Ақпан айының 13 күні мектеп инспекторының қатысуымен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық фактілерінің жиі орын алуына байланысты мектеп инспекторы арнай сыныптар мен жиналыс ашып, құқықбузышылықтың алыд-алу жөнінде оқушылар мен сұқбаттасты. Сұқбат барысында оқушылар өздерінің мазмалаған сұрақтарын жолдап, қажетті жауаптарын алды. Сонымен қатар, қыздар мен жеке жиналыс өткізу барысында қыздар арасында жиі орын алатын құқықбузышылық фактілеріне тоқтала келіп ерте жыныстық қатынастың салдарынан туындайтын ауыр жағдайларды атап өтті. Сонымен қатар, ерте жүктіліктің алдын-алу шараларын жүргізу бойынша мәселелер талқыланды.

Ақпан айының 9 күні қазақтың ақиық ақыны М.Мақатаевтың туғанына 89 жыл толуына орай 8 сынып оқушыларының ұйымдастырумен сыныптан тыс іс-шара өткізілді.

«Бейбіт күннің қаһармандары» жобасы аясында 1989 жылы 15 ақпанда Кеңес Одағы әскерінің Ауғанстан Республикасынан шығарылуына байланысты 7-8 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді.

НАУРЫЗ–ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ АЙЫ

		➢ 1 наурыз–Алғыс айту күні ➢ 8 наурыз–Халықаралық әйелдер күні ➢ 21, 22, 23наурыз–Наурызмейрамы. 1 наурыз – «Алғыс айту» күніне орай мектебімізде 1-11 сыныптарға арналған сынып сағаттары мен сыныптан тыс мерекелік ісшаралар өткізілді. Алғыс айту күні – сан түрлі сынақтардан өткен халқымыздың ынтымақ-бірлігін айғақтайтын ерекше күн. Бұрынғы бабаларымыздан «Жақсылық ұмытылмайды» деген жақсы ұғым қалыптасқан. Сондықтан - айтулы күн, ризашылық пен мейірімнің, бейбітшілік пен келісімнің үйлесім тапқан мерекесі. Жыл сайынғы 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай «Сыйынар ем ана деген тәңірге» атты іс-шара жоспары бекітілді. «Гүл мереке, күн мереке-8 наурыз!» сынып сағаттары, ата-аналарға арналға мерекелік конерттік бағдарлама өтті. Мақсаты: Жас ұрпақ тәрбиесіне зор еңбек сіңіріп жүрген азаматшаларға құрмет көрсету, еңбектерін елеп – ескеру, мадақтау. Адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу. Қазіргі қоғамдағы әйел – ананың рөлін айқындай түсу бағытында қыз балаларға рухани тәрбие беру, халқымыздың дәстүрлі құндылықтарын ұғындыру, білімге және өнерге ынталандыру. 14 наурыз елімізде Наурыз мейрамының басы Көрісу күні атап өтілді. Бұл күнді Амал мерекесі деп те айтады. Халық қыстан аман-есен шыққанына, көктемге аяқ басып, туыс-туған, көрші-көлеңмен жүздескеніне қуанып, қол алысып, төс қағысады. Бір-біріне деген араздық, өкпе-ренішті ұмытып, амандық тілейді. №98 ЖББМ КММ Амал мерекесі атап өтілді. Сонымен қатар «Қош келдің, әз наурыз!» тақырыбында қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрін, өнерін, мәдениетін насихаттау мақсатында әрбір сыныптарда сынып сағаттары мен мектеп көлемінде іс-шаралар ұйымдастырылды. Мақсаты: Ұлттық		

		дәстүріміз бойынша өтетін Наурыз мерекесінің ерекшелігін, табиғат пен адамның байланысын, салт-дәстүрін, өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру. Қазақтың әдет-ғұрпын, тіліміз бен дінімізді құрметтеуге, имандылыққа тәрбиелеу. **СӘУІР–ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙЫ** №98 ЖББМ КММ 1-11 сынып оқушылары жалпы Алматы қаласы бойынша басталған көктемгі экологиялық тазалық акциясы аясында өткізілген «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанына қатысты. Осы аталған іс-шара барысында мектеп оқушылары үшін сынып сағаттары, сенбіліктер және құстарға арналған ұя жасау челендждерін ұйымдастырды. «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанының басты мақсаты – қалалық инфрақұрылымға ұқыпты қарау құндылығын қалыптастыру, халық арасында жоғары азаматтық жауапкершілік пен экологиялық мәдениетті тәрбиелеу, жеке экологиялық бастамаларды қолдау және оларды іске асыру үшін жағдай жасау.		

		МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ ➢ 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні ➢ 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні ➢ 9 мамыр-Жеңіскүні. 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орайластырылған сынып сағаттары өткізілді. Сонымен қатар, мектеп оқушыларының ұйымдастыруымен «Бейбітшілік – ел тілегі” атты мерекелік салтанатты іс-шаралар өткізілді. 7 мамыр - Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күні. Бұл тәуелсіз еліміздің өзіндік қорғаныс қабілеті бар екенін білдіретін мереке. Ендеше егеменді еліміздің отын сөндірмей, қорғаныс жүйемізді бекем ұстап келе жатқан барлық Қазақстан азаматтарын төл мерекесі атап өтілді. Осы аталған мерекеге орай 5-11 сынып оқушыларына сынып сағаттары ұйымдастырылды. Мамыр айының басында Ұлы жеңіс мерекесіне орайластырылған іс-шаралар өткізілді.Ел халқына шат-шадыман күлкі мен тыныш өмір сыйлауда әскеріміздің атқарып жатқан қызметтері ұшан-теңіз. Армиямыздың айбынын асқақтататын сардарлар мен сарбаздарымызға қандай құрмет көрсетсек те жарасады. 		

		2024-2025 оқу жылының I жары жылдығы бойынша есебі **ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ** *1 қыркүйек – «Білім күні»* *5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні* *Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні* *Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні* *Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні* **Алғашқы қоңырау 1 – қыркүйек – Білім күніне** арналған салтанатты жиын **Мақсаты:** Білім күні үлкен мереке екенін балаларға жеткізе білу, сезіну білімге деген құштарлығын арттыру, еліміздің білімді, тәрбиелі азаматын елжандылыққа тәрбиелеу. Алғашқы қоңырауды асыға күткен 1 сынып оқушылары мен ата-аналар, мектеп табалдырығын бірінші рет аттаған бүлдіршіндер, төменгі және жоғарғы сынып оқушыларының жалпы мерекесі болып саналады. №98 ЖББМ КММ алғашқы қоңырау мерекесіне ата-аналар мен ұстаздар, оқушылар қатысып, асыға күткен салттанатты жиынды тамашалады. Салатанатты жиынды мектеп директоры ашып, жас бүлдіршіндірді алғашқы қадамдары мен құттықтап, алдағы оқуларына табыс тіледі.		

«Мектебім – мейірім мекені » атты 1-ші қыркүйек «Білім күніне» мерекесіне арналған ашық сабақтар өтті. Ашық сабақтардың мақсаты оқушыларға жалпы құндылықтар жөнінде ақпарат беру, құндылықтардың адам өміріндегі рөлін талдау, отаншылдық және құрмет құндылықтарын оқушылардың бойына дарыту болып табылады.

“Менің Отаным - Қазақстан” тақырыбында біріңгай тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты:

- Оқушыларға Қазақстанның тарихын, мәдениетін, табиғатын таныстырып, елге деген сүйіспеншілік
- пен патриоттық сезімді қалыптастыру;
- Оқушылардың бойында мемлекеттік рәміздерге, ұлттық құндылықтарға деген құрмет сезіміноятy;
- Туған жерді қорғауға және мақтан етуге тәрбиелеу.

Алматы қаласы күніне арналған **"Менің Алматым, бояулар құпиясы"** атты мемлекеттік мектептер арасында аудандық байқау өтті. Байқауға аудан мектептерінен 8-13 жас аралығындағы оқушылар қатысып, байқау тақырыбына сәйкес келетін оқушылар шығармалары таңдалып алынды.

		 Қыркүйектің екінші аптасында «Адалдық сағаты» тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты:Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іскимыл барысырда 5-11 сыныптар арасында "Адалдық сағаты" тақырыбында біріңгай сынып сағаттары өткізілді. Сабақтың мазмұнына сай оқушыларды адалдыққа тәрбиелеу, Отанына деген сүйіспеншілікті арттыруға жағдай жасау. Сабақтың мазмұнын талқылау барысында жемқорлықтың салдарынан туындайтын іс-әрекеттерге, заң алдындағы жауапкершілкке тоқталып өтті. Сынып сағаттарын ұйымдастыруға мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілер ат салысты.		

		 2024-2025 оқу жылы бойынша жасақталған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына сәйкес 1-8 сынып оқушыларына арналған Жолда жүру ережесі бойынша мектеп инспекторларының қатысуымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жұмыстың мақсаты: жас өсіпірмдер арасында жол қозғалысына қатысушы ретінде апаттық жағдайлардың алдын алу, болдырмау, жолда жүру ережесін сақтауға байланысты жекелеген сыныптармен сабақтар өткізілді.сонымен қатар, экстремизмге қарсы күрес тақырыбында жоғары сынптарға арналған сабақтар өтті. Мақсаты: экстремизмнің алдын-алу, оған қарсы күрес шараларын күшейту. Жауапты маман: Мектеп инспекторы мен сынып жетекшілер.		

5 қыркүйек – А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбында іс-шаралар ұйымдастыру және Қазақстан халқының тілдер күніне орай мектебімізде «Тілім менің – тірлігімнің тірегі» атты тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағаттарының мақсаты: жас ұрпақты ана тілінің қадір қасиетін түсіне білуге шақыру. Ана тілін ардақтауға тәрбиелеу. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл», деген екен ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы.

Елімізде 130-дан астам ұлт өкілдері тату өмір сүріп жатыр. Мемлекет құраушы ұлт – қазақтардың үлесі 70%-дан асады. Қазақстанда 100-ден астам ұлтқа Ассамблея жанында тілдерін дамытуға мүмкіндік жасалған. 10-нан астам этникалық топтың өз тілдерінде оқытатын мектептері бар және оларды мәдени-рухани қолдау орталықтары жұмыс істейді. Ұйымдастырушылар: Қазақ тілі кафедрасы.

Ел жастары (бағдарламасы аясында 5-11 сыныптар тақырыбына сай) Нашақорлықтың алдын алу мақсатында мектебімізде 5-11 сынып оқушыларына **«Нашақорлықтың алдын алу»** бойынша ДТІЖО А.Т.Муратбеков ұйымдастыруымен Алматы қаласы наркологиялық орталық мамандарының қатысуымен түсіндірме жұмысы жүргізілді. **Мақсаты:** Жас ұрпақтың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой өрісін дамыту, зиянды әдеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратының ескерту. Есірткі, ішімдік және темекенің ағзаға тигізер әсері, келешек өмірлеріне оның

		зардаптары, адам ағзасына теріс әсері туралы түсіндіру. Мектебімізде ай сайын жоспарға сай құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесінің отырысы өтеді. Мақсаты: 10 күннен аса сабаққа келмеген оқушылар туралы мәліметтер жинау, сол туралы есеп беру. Құқықбұзуышлықтың алдын-алу іс-шараларын ұйымдастыру, оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау, жолда жүру ережелерін сақтау. Осал топтағы әлеуметтік жағынан аз қамтылған оқушылардың жағдайы туралы, мектеп психологының ай сайын өткізетін аффективті түсінік теоряисы бойынша алынатын сауалнаманың нәтижесіне талдау жүргізу, нәтижесі бойынша шешімдер құабылдау жұмыстары жүргізу. Бұл жұмыстар жоспарға сай ай сайын жүргізілетіндіктен оған мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагог пен мектеп психологы және инспектор қатысады.		

1-11 сынып оқушылар арасында салауатты өмір салытн ұстану бойынша түрлі іс-шаралар өтіп тұрады. Салауатты өмір салты— бұл ең әуелі денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді іс-әрекет. Өмір адамның өмір салты өздігінен қалыптаспайды, ал салауатты өмір салты өмір сүру барысында мақсатты түрде қалыптасады. Қимыл белсенділігі -бұл салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады. Қозғалыс белсенділігін дұрыс ұйымдастыру организмнің өсу мен дамуына белсенді ықпал етеді, организмнің жұмысқа қабілеттігін жоғарылатады, әр түрлі ауруларға төзімділігін арттырады. Ал аз қозғалған кезде организмде өзгерістер дамиды. Организмді шынықтыру әр түрлі аурулардың алдын алу үшін организмді үнемі шынықтыру қажет. Шынығудың арқасында организм қоршаған ортадағы температураның күрт өзгеруіне бейімделеді және организмнің жұқпаларға қарсылығын жоғарлатады. Шынықтыру емшараларын таңдау кезінде адамның жасы, денсаулығы, шынығуға бейімделу дәрежесі және т.б. жеке ерекшеліктерін ескеру қажет. Салауатты өмір салтын қалыптастырудағы негізгі құралдардың бірі түрлі іс-әрекет барысында оқушылардың өзара қарым-қатнас орнату, сол арқылы түрлі спорттық жарыстарға қатысу арқылы дененің физикалық даму қарқынын арттырады.

		  Мектебіміздің жоғарғы сынып оқушылары мен мұғалімдері арасында «АИТВ-инфекциясы қандай ауру, осы аурудың жұғу жолдары мен алдын алу шаралары» тақырыбында семинар-сабақ ұйымдастырылды. Семинарды ұйымдастырушылар Алматы қаласы №2 емхананың мамандары. Семинар барысында ЖИТС орталығының эпидемиологиялық бөлім меңгерушісі С.Балықбаева республикадағы,облыстағы АИТВ-инфекциясы бойынша қалыптасып отырған індеттік ахуал, аурудың жұқтыру жолдары, диагностикасы, еміне кеңінен тоқталды, алдын алу шаралары туралы мағұлмат берді. Осы тақырыпта видеофильм көрсетіліп, ақпараттық білім беру материалдары таратылды.Семинар барысында қойылған сұрақтарға жауап берілді. Сонымен қатар, іс-шара барысында 5-ші қараша мен 5-ші желтоқсан аралығында республика, облыс көлемінде «Қоғамдастықтың маңызы бар» ұранымен жүргізіліп жатқан Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күні аясындағы жүргізіліп жатқан кампанияның мақсаты мен міндеттері туралы толық ақпарат берілді. Ұйымдастырушылар: Мектеп медбикесі Жұмағулова Г., мекепт психологі Пұшпақбаева А.		

		 2024-2025 оқу жылының басында өтетін дәстүрлі ата-аналар жиналысымен қатар, кезектен тыс ата-аналар жиналысы өтіп отырады. Мақсаты: Оқушылардың мектептегі оқу үлгерімі, киім үлгілерінің сақталуы, мектептегі тәртіпті сақтау, сонымен қатар, құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілетін іс-шаралардың барысы туралы баяндау. Мектептегі ата-аналардың жалпы жиналысына ата-аналар комитетінің өкілдері мен сыныптың іс-шараларына белсенді араласып жүрген ата-аналар қатысады. Жиналыс барысында талқыланатын сұрақтардың көбісі ата-аналар тарапынан оқушылар қауіпсіздігі, киім үлгісінің ерекшеліктеріне тоқталып өтті.		

		 **1 – қазан Халықаралық қарттар күні.** Бұл мереке Қазақстанда жыл сайын аталып өтілетін мереке. Мақсаты: Оқушылардың бойына халқымыздың қадір-қасиетін сіңіру,үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу. Мереке қарсаңында оқушылар Қарттар күніне арналған тәрбие сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырып, өткізуді қолға алады. Мерекелік іс-шараларға сырттан мектеп ардагерлері мен аудан тұрғындары, еңбек ардагерлері мен қонақтар қатысады. Ұйымдастырушылар: директордың ТІЖО, сынып жетекшілер мен тәлімгерлер. Сонымен қатар, қарттар тұратын үйлерді оқушылар аралап, мектептің және өздерінің аттарынан сыйлықтар таратады. **Ұйымдастырушылар:** Директордың ТІЖО, сынып жетекшілер мен тәлімгерлер.		

		  Қазан айының алғашқы аптасында, яғни 5 қазан мектебімізде Ұстаздар күні дәстүрлі мереке ретінде аталып өтіледі. Бұл мерекеге мектепте қызмет атқаратын барлық ұстаздар, оқушылар дайындаған мерекелік іс-шараларға қатысып, қызықты концерт тамашалады. №98 ЖББМ КММ жоспарлы түрде мұғалімдердің төл мерекелеріне арналған «Қалдырған ізің мәңгілік» атты іс – шара ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты: мұғалім мамандығына деген сый – құрмет көрсету, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашу, тәртіптілікке баулу. Ұстаздар күні - бұл дәстүрлі әрі бүкілхалықтық мереке. Өйткені ұрпақ тәрбиесі – ұстазға байланысты. Мерекелік күн жанды дәлізбен басталды. Оқушылар ұстаздар қауымын қарсы алып, өз құттықтауларын білдірді. Кезекші сыныптардың ұйымдастыруымен таңғы сағ.: 07.00 келген ұстаздарға шарлар мен мерекелік ашық хаттар және мектеп дәлізінде шағын концерт ұсынылып, ұстаздарға меркелеік көңіл күй сыйлады. Ұстаздарға арналған ақпараттық стенд жасалды. Сондай-ақ бұл күні мектепте дәстүрге айналған өзін-өзі басқару күні болды. Жоғарғы сынып 5-9 сынып		

		оқушыларына тарих, өзін-өзі тану, география, дене шынықтыру, химия, орыс тілі сабақтарын өткізді. «Қалдырған ізің мәңгілік» атты мерекелік концертке мектеп оқушылары, мамандар да ат салысты. Іс-шара барысында мектеп директоры М.С.Аширбекова мектептің ұлағатты ұстаздарына мадақтама қағаздарын табыстады. 25-қазан- Республика күні №98 жалпы орта білім беретін мектебінде Республика күніне орай 1-11 сынып оқушылары арасында "Менің -Отаным Қазақстан "тақырыбында тәрбие сағаттары шеруі ұйымдастырылып өткізілді. Сынып оқушылары республика күніне арнап мерекелік іс-шаралар ұйымдастырып, ел, жер туралы өлең жолдарын жатқа айтып, сынып сағатына белсене қатыса білді. Мақсаты: Ұлттық мереке 25-қазан Республика күнінің маңыздылығын түсіндіру, жас ұрпақты Отанын сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай-қуатты ел екендігін		

		мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту көзделді. 1986 жылы 16 желтоқсанда қазақ жастары, оның ішінде ЖОО мен техникалық оқу орындарының студенттері мен жұмысшы жастар қатысқан үлкен ереуіл өтті. Осынщшама жастардың наразылығын тудырған мәселе Қазақ КССР-нің орталық комитетінің бірінші хатшылығына Кезіндегі **Кеңестер одағы орталық партия комитетінің** ұйғарымымен 1986 жылы Желтоқсан айының ортасында, Ресейдің Ульяновск облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеген Геннадий Васильевич Колбин, **Қазақстан орталық партия комитетінің** бірінші хатшысы болып тағайындалуы болды. Мектебімізде өткен желтоқсан құрбандарын еске алуға арналған іс-шараға Алматы қаласының тұрғындары, сол кезде желтоқсан оқиғасына қатысқан апайларымыз келіп қатысты. Бұл кісілер оқушыларға сол кездегі желтоқсан оқиғасы кезіндегі орын алған оқиғалар мен бөлісті.		

		 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні! Тарихы тереңде жатқан елдің жаңа заманда өз алдына қайта егеменді ел болған күні. Тәуелсіздік күні мерекесі әр жылдың 16 желтоқсанда аталып өтеді. Бұл күн ұлттық, мемлекеттік деңгейдегі елеулі мереке болғандықтан 16 желтоқсан күні күнтізбеде демалыс болып табылады. Жыл сайын республика азаматтарының арасында мәдениет қайраткерлері, әлеуметтік саладағы ерекше қызметімен көзге түскен мамандар, әскери шенділер мен офицерлер, құқық қорғау саласының қызметкерлері және ел өміріндегі белсенді өзге де сала өкілдері елеулі еңбек еткендері үшін мемлекеттік марапаттармен марапатталады. 16 желтоқсан күні Қазақстанның барлық жерлерінде мерекелік мәдени ойын-сауық іс-шаралары ұйымдастырылады. Кешке қарай үлкен орталықтардың аспаны отшашумен көмкеріледі. Тәуелсіздік тек Қазақстан тұрғындары үшін емес, сонымен бірге, шетелдердегі қазақ халқының өкілдері үшін де маңызы зор мереке. Бұл күні мектебімізде 1-11 сынып оқушылары үшін ашық сабақтар мен сабақтан тыс мерекелік іс-шаралар өтті. Аталған іс-шараға мектебіміздің ұстаздары қатысып, оқушылардың 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне арнап қойған мерекелік концертті тамашалады. Мақсаты: Еліміздің тәуелсіздігі туралы ұғымды жас ұрпақтың бойына сіңіру, Тәуелсіздік туралы естеліктермен бөлісу, жаңа Қазақстандық патриотизміді		

		қалыптастыру болып табылады. ҚР Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында мектеп ұжымы "Жетістігімді еліме арнаймын" атты челенджге Ескендр Хасанғалиевтің Атамекен әнін шырқады. **Өзін-өзі басқару ұйымының 2022-2023 жылдық жұмысының есебі** Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы мектеп қабырғасында оқушылардың мектеп өміріне тікелей араласуға мүмкіндік беретін жоба ретінде енгізілген. **Мақсаты** – оқушылардың мектепті басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, өз бетімен шешім қабылдай алатын, жауапты және тәртіпті, дербес таңдау жасауға дайын, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасқан қабілетті көшбасшы тәрбиелеу болып табылады. Ұйымдастырылатын шаралардың негізгі бағыттары спорт, әлеуметтік жұмыс, мәдени, жауапкершілікті арттыруға негізделген. Ұйым құрамындағы әрбір оқушы өз бағытының үздігі. Жұмыс жасау барысында біз оқушылардың мүдделерін қорғап, ойларын ескереміз. Мектеп өмірінің қызықты, әрі әсерлі өтуі өзін- өзі басқару ұйымының белсенді жұмыс жасауына тікелей байланыста. 2022 жылдың 1 қыркүйегі республика бойынша білім күні ретінде аталып өтіледі. **Мақсаты:** Білім күні үлкен мереке екенін балаларға жеткізе білу, сезіну білімге деген құштарлығын арттыру, еліміздің білімді, тәрбиелі азаматын елжандылыққа тәрбиелеу. Мектебімізде алғашқы қоңырау салтанаты өткізілді. Аталған жиында мектебіміздің директоры: Аширбекова М.С. сөз алып, барша жиылған ата-аналар мен оқушыларды		

		және ұлағатты ұстаздарды алғашқы білім күнімен құттықтады. 2022 жылдың қыркүйек айының 25 жұлдызында мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару ұйымын сайлау өтті. Мектебіміздің аға тәлімгерлері Кенес Айсымбат пен Елтай Жания 9-10 сыныптар арасында сайлау өткізіп мектеп парламентін анықтап,өзін-өзі басқару ұйымын сайлады.Мектеп президенті болып көпшіліктің қолдауымен 10 «А» сынып оқушысы Дүйсенбай Арайлым сайланды.Ұйым 7 фракциядан тұрды. • **Құқық және тәртіп фракциясы**- Коротенко Роман • **Ақпарат фракциясы**- Бейсенбай Ағзер • **Спорт және салауатты өмір салты фракциясы**- Дәулетхан Елнұр • **Қамқорлық фракциясы**- Сайлаубек Әділ • **Мәдениет және өнер фракциясы**- Нұрлан Анель • **Дебат қозғалысы фракциясы**- Агибалова Анастасия • **Экология және еңбек фракциясы**- Өмірбаева Дария Осы аталған оқушылар көрсетілген фракция бойынша сайланып, жұмыстары тапсырылды.		

		 2023 жылдың 5 қазанында жоғары сынып оқушыларының көптен күткен арманы «Дублер» күні аталып өтілді. Мақсаты: мектептегі өзін - өзі басқару жұмысын жандандыру, түлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру. «Дублер күнін» атап өту бойынша жоғары сынып оқушларының арасында үздік оқушылар мен пән мұғалімдерді алмастыратын оқушылар таңдалып алынып, жалпы тізімі мен оған бекітілген пәндердің сыныптардың тізімі жасалады. Сонымен қатар, қауіпсіздікті сақтау мақсатында алдын-ала оқушылармен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, нақты міндеттері айқындалды.		

2022 жылдың қазан айының алғашқы күні елімізде «Қарттар күні» атап өту жолға қойылған. **Мақсаты:** Оқушылардың бойына халқымыздың қадір-қасиетін сіңіру,үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.

Мектебімізде 2-қазан күні «Қарттар күні» болып өтті. Аталған мерекеге орай мектебімізде қарттар күніне суреттер салынып, мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

2022 жылдың 25 Қазан - Республика күні. Бұл мереке ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың бастамасы мен қайта қалпына келтіріліп, жыл сайын атап өтілетін

		болды. Әсіресе мектептегі жастар үшін, жас жеткіншектер мен мектепке дейінгі бүлдіршіндерге Республика күнін атап өтудің маңызын жеткізу болды. **Мақсаты:** Оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі - туған Отанды сүюден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту. «Республика күні» мерекесіне орай мектебімізде барлық оқушылар мен ұстаздар бірігіп флешмоб ұйымдастырды. Қазақстан Республикасы гимні орындалып туымыз ортаға шығарылды. Мектебіміздің директоры Аширбекова М.С. жылы лебізін білдіріп баршамызды мерекемізбен құттықтады. 2022 жылдың қазан айының 22 жұлдызында мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымы қатысқан «Аудандық слет» өтті. Мектеп президенттері мен өзін - өзі басқару ұымының мүшелеріне арналған аудандық слетта мектебіміздің президенті Дүйсенбай Арайлым қатысып, қалалық слетқа жолдама алды. Арайлым «Мен өзін - өзі басқару ұйымының көшбасшысымын» тақырыбында өзінің баяндамасын қорғап шықты.		